



№12 (504)
31 желтоқсан
2024 жыл

Zhubanov University

Облыстық
ақпараттық-
танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

ЖАҚСЫЛЫҚТАР 8-9 БЕТТЕР ЖЫЛЫ 2024



Фотода Zhubanov University факультет декандары.

Солдан оңға қарай: Абылай Каринов – Педагогика және білім берудегі менеджмент факультетінің деканы, Ботагоз Керімбаева – Шетел тілдері факультетінің деканы, Бактыгуль Ертлеуова – Филология факультетінің деканы, Жайнагул Қартбаева – Кәсіби-шығармашылық факультетінің деканы, Асқар Аймұқатов – Физика-математика факультетінің деканы, Бағдагуль Таскарина – Экономика және құқық факультетінің деканы, Гүлнур Адманова – Жаратылыстану факультетінің деканы, Ақжүніс Абдуллина – Тарих факультетінің деканы, Бауыржан Келаманов – Техникалық факультет деканы.


Фотоны түсірген Есет Сарғузин.

**COURSERA —
ЕРТЕҢГІ
ҚИЫНДЫҚҚА
БҮГІНГІ
ДАЙЫНДЫҚ**

12-13 БЕТТЕР

**ӘЛЕМ
ЧЕМПИОНЫ —
СТУДЕНТ**

14-БЕТ



☑ Main news



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНА САПАРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев желтоқсан айында Ақтөбе облысына жұмыс сапарымен келді.

Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров Facebook әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында Мемлекет басшысының сапарына қатысты арнайы пост салды.

"Ақтөбе — еліміздің стратегиялық орталықтарының бірі. Экономика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және әлеуметтік салаларда аймақтың үлесі айтарлықтай.

Сапар барысында Мемлекет басшысына өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндадым. Биылғы 11 айда аймақ экономикасының өсімі 6 пайызды құрады. Ал өнеркәсіп өндірісі 4 пайызға артты. Инвестиция тарту жұмыстары жалғасады. 2025-2027 жылдарға жоспарланған инвестициялық жобалар да таныстырылды.

Мәселен, Ақтөбе қаласының әуежайын мультимодалды хаб ретінде дамыту үшін мұнда арнайы экономикалық аймақ құрылады. Бұл жобаға 1,2 триллион теңгеден астам инвестиция тартып, 5 мың жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр.

Ақтөбе қаласында болат құбырларын шығаратын зауыт жұмыс істеп жатыр. Жылына кәсіпорын 20 мың тонна өнім өндіруде.

ERG компаниялар тобының ірі инвестициялық жобаларының бірі саналатын, жұмысын бастаған — Хромтаудағы «Болашақ» шахтасы 1800 жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Тартылатын инвестиция көлемі 1 триллион теңгеден асады.

2025 жылы, яғни «Жұмысшы мамандықтары жылында» отандық өнеркәсіпті қолдауға баса назар аударылады. Мұны Қасым-Жомарт Кемелұлы еліміздің батыс өңіріндегі тау-кен саласына мамандар даярлайтын жалғыз кәсіптік оқу орнында айтты.

Қасым-Жомарт Кемелұлына Ақтөбе қаласында салынатын жаңа құрылыс нысандарының макеті де көрсетілді. Президент тапсырмасына сай, шаһарда 700 орындық драма театры және 35 мың көрерменге арналған көпфункционалды стадион бой көтермек.

Президенттің №1 Хромтау орта мектебі, Ақтөбедегі жедел басқару орталығы және перинаталдық орталық, «Химик» стадионының базасында ашылған балалар футбол академиясына

баруы әр саланың дамуына, онда жұмыс істейтін қызметкерлерге және тәрбиеленіп жатқан дарға жаңаша серпін беретіні сөзсіз.

Біздің ортақ міндетіміз — Ақтөбенің әлеуетін толық пайдалану және болашаққа нық қадам жасау. Президенттің сапары осы бағыттағы нақты істердің бастамасы болмақ" — деп жазды Асхат Шахаров.

РАБОЧИЙ ВИЗИТ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА В АКТЮБИНСКУЮ ОБЛАСТЬ

Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев в декабре посетил в Актыубинскую область с рабочим визитом.

Аким Актыубинской области Асхат Шахаров опубликовал пост, посвященный визиту Президента, на своей странице в социальной сети Facebook:



«Актобе — один из стратегических центров нашей страны. Регион вносит значительный вклад в экономику, промышленность, сельское хозяйство и социальные сферы.

В ходе визита Главе государства была представлена информация о социально-экономическом развитии региона. За 11 месяцев текущего года рост экономики области составил 6%, а

промышленное производство увеличилось на 4%. Работа по привлечению инвестиций продолжается. Были также представлены инвестиционные проекты, запланированные на 2025-2027 годы.

Например, для развития аэропорта города Актобе как мультимодального хаба будет создана специальная экономическая зона. Этот проект предполагает привлечение инвестиций свыше 1,2 трлн тенге и создание 5 тысяч рабочих мест.

В городе Актобе функционирует завод по производству стальных труб, выпускающий до 20 тысяч тонн продукции в год.

Начала свою работу шахта «Болашақ» в Хромтау — один из крупных инвестиционных проектов группы компаний ERG. Шахта обеспечит создание 1800 рабочих мест, а общий объем инвестиций превысит 1 трлн тенге.

В 2025 году, который объявлен Годом рабочих профессий, будет уделено особое внимание поддержке отечественной промышленности. Это Касым-Жомарт Кемелевич подчеркнул в профессиональном колледже, который единственный в западном регионе страны готовит специалистов для горнодобывающей отрасли.

Касым-Жомарту Кемелевичу были также продемонстрированы макеты новых объектов, которые будут построены в Актобе. По поручению Президента в городе появятся драматический театр на 700 мест и многофункциональный

стадион на 35 тысяч зрителей.

Визит Президента в среднюю школу №1 города Хромтау, оперативно-управленческий центр и перинатальный центр в Актобе, а также в детскую футбольную академию, открытую на базе стадиона «Химик», стал стимулом для развития различных сфер, а также вдохновил сотрудников и воспитанников.

Main news

25

Наша общая задача — полностью раскрыть потенциал Актобе и уверенно двигаться в будущее. Визит Президента станет отправной точкой для конкретных действий в этом направлении», — написал Асхат Шахаров.

WORKING VISIT OF THE HEAD OF STATE TO THE AKTOBE REGION

In December, President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev paid a working visit to the Aktobe Region.

Akim of the Aktobe Region, Askat Shakharov, shared a post on his Facebook page dedicated to the President's visit:

"Aktobe is one of the strategic centers of our country. The region makes a significant contribution to the economy, industry, agriculture, and social sectors.

During the visit, the Head of State was presented with information on the socio-economic development of the region. Over the past 11 months, the region's economy has grown by 6%, and industrial production has increased by 4%. Efforts to attract investments are ongoing, and investment projects planned for 2025–2027 were also presented.

For example, a special economic zone will be created to develop Aktobe Airport as a multimodal hub. This project aims to attract investments exceeding 1.2 trillion tenge and create 5,000 jobs.

In Aktobe, a steel pipe production plant is operating, producing up to 20,000 tons of products annually.

The Bolashak mine in Khromtau, one of the major investment projects of the ERG group of companies, has started operations. The mine will create 1,800 jobs, with a total investment of over 1 trillion tenge.

In 2025, declared the Year of Skilled Trades, special attention will be paid to supporting domestic industries. Kassym-Jomart Kemelovich emphasized this during his visit to a vocational college, the only institution in the western region of the country training specialists for the mining sector.

The President was also shown models of new facilities to be constructed in Aktobe. As instructed by the President, a 700-seat drama theater and a multifunctional stadium for 35,000 spectators will be built in the city.

The President's visit to Secondary School No. 1 in Khromtau, the operations control center, the perinatal center in Aktobe, and the children's football academy established at the Chemist Stadium served as an impetus for the development of various sectors and inspired both employees and students.

Our shared task is to fully realize Aktobe's potential and confidently move toward the future. The President's visit will serve as the starting point for concrete actions in this direction," wrote Askat Shakharov.



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды 16 желтоқсан — Тәуелсіздік күнімен құттықтады. Бұл туралы Facebook әлеуметтік желісіндегі Aqorda ресми парақшасында хабарланды.

Мемлекет басшысы бұл күн ең алдымен халқымыздың азаттық туралы арманы ақиқатқа айналып, елдік дәстүрлеріміз жаңғырған күн екенін атап өтті.

"Осы мерейлі мерекеде бәріміз бабалар аманатына әрдайым адал болудың және ұлт болашағына зор жауапкершілікпен қараудың мән-маңызын терең түсінеміз. Себебі тәу етер Тәуелсіздігіміз — баршаға ортақ құндылық әрі барлық игілігіміздің бастауында тұрған баға жетпес байлық. Тәуелсіздігімізден биік еш нәрсе жоқ. Оны көздің қарашығындай қорғау — әр азаматтың перзенттік парызы", — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бүгінде Қазақ елінің халықаралық деңгейдегі абырой-беделі жоғары, стратегиялық бағдары айқын мемлекет ретінде болашаққа нық сеніммен қадам басып келеді, — деді.

"Халқымыз бұған еселі еңбек пен ырысты ынтымақтың арқасында қол жеткізді. Біз осы берекелі бірлігімізді, қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылықты сақтай отырып, қиындықтың бәрінен сүрінбей өтеміз. Тәуелсіз еліміз өркениетті, озық мемлекет ретінде әлеміміз береді. Баршаңызға зор денсаулық, мол табыс тілеймін! Қастерлі Отанымыз өсіп-өркендей берсін!", — делінген Президент құттықтауында.

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ПОЗДРАВИЛ С ДНЕМ НЕЗАВИСИМОСТИ

Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев поздравил казахстанцев с Днем независимости, который отмечается 16 декабря. Об этом сообщается на официальной странице Aqorda в социальной сети Facebook.

Глава государства подчеркнул, что этот день является, прежде всего, символом осуществления мечты нашего народа о свободе и возрождения национальных традиций.

«В этот знаменательный праздник мы глубоко осознаем значение верности заветам наших предков и огромной ответственности

за будущее нации. Независимость — это общая ценность и бесценное достояние, лежащее в основе всех наших благ. Нет ничего выше независимости. Бережь ее, как зеницу ока, — сыновний долг каждого гражданина», — сказал Касым-Жомарт Токаев.

Глава государства отметил, что сегодня Казахстан уверенно шагает в будущее как государство с высоким международным авторитетом и четким стратегическим курсом.

«Наш народ достиг этого благодаря усердному труду и сплоченности. Сохраняя наше единство, мир и стабильность в обществе, мы преодолеем любые трудности. Наша независимая страна будет развиваться как цивилизованное и прогрессивное государство. Желаю всем крепкого здоровья и больших успехов! Пусть наша священная Родина процветает!» — говорится в поздравлении Президента.

THE HEAD OF STATE CONGRATULATED ON INDEPENDENCE DAY

The President of the Republic of Kazakhstan, Kassym-Jomart Tokayev, congratulated Kazakhstani citizens on Independence Day, celebrated on December 16. This was announced on the official Aqorda page on the social network Facebook.

The Head of State emphasized that this day is, above all, a symbol of the realization of our people's dream of freedom and the revival of national traditions.

"On this significant holiday, we deeply understand the importance of loyalty to the legacy of our ancestors and the great responsibility for the future of our nation. Independence is a shared value and an invaluable treasure that underpins all our achievements. Nothing is more important than independence. Protecting it as the apple of our eye is the filial duty of every citizen," said Kassym-Jomart Tokayev.

The Head of State noted that today Kazakhstan is confidently moving into the future as a state with high international authority and a clear strategic course.

"Our people have achieved this through hard work and unity. By preserving our harmony, peace, and stability in society, we will overcome any challenges. Our independent country will continue to develop as a civilized and progressive state. I wish everyone good health and great success! May our sacred homeland continue to prosper!" the President's congratulatory message stated.

✓ December 19 — Kudaibergen Zhubanov's birthday

Қазақта бір әулеттен шығып, еселі еңбегімен елге танылған атақты тұлғалар аз болмады. Соның бірі – атақты Құдайберген мен Ахмет Жұбановтар болатын. Бұл әулеттің бастауында тұрған Жұбан Батырбайұлы жастайынан мұсылманша оқыған, аздап орыс тілін де білген сауатты кісі екен. Оның екі ұлы болған: Қуан және Төңірберген (Төпен). Екеуі де мұсылманша, орысша сауат ашқан. Төпен қазіргі Ақтөбе облысының Темір өңіріне беделді кісі болыпты. Одан бір ұл мен екі қыз (Нүредин, Бәтима, Рахима) қалған. Қуан да ел ағасы болған, беделді кісі екен. Қуаннан Құдайберген, Ахмет, Мұхаммеді деген үш ұл мен Аққат, Дәмет, Ақба деген үш қыз тараған. Осылардың ішінде елге қызмет етіп, алты Алашқа танылғаны Қуаннан тараған Құдайберген мен Ахмет Жұбановтар болатын.

Қуанның бір қасиеті басқалар секілді мал жимайтын. Балаларын мал соңына салғысы келмеді, олардың білім алғанын қалады. Бар тапқанын солардың оқуына жұмсады. Сондай-ақ ол қазақ, орыс және татар тілдерінде шығатын газет-журналдарға жазылатын. Жаңа кітаптарды алдырып оқитын, балаларына да оқытатын. Қуан заманның ағымын байқай білетін. Содан болар, балаларын жасынан оқу-білімге, өнерге баулып, жаңа өмірге дайындады. Өзі молда болмаса да, мешіт-медресе салдыруға бір кісідей атсалысты. Мешітке ағайынды Омар, Оспан деген молдаларды алдырып, қазақ балаларының білім алуына жағдай жасады. Құдайберген мен Ахмет Жұбановтар алғашқы білімді осы молдалардан алған екен. Қуан мұнымен тоқтамай, Темір өңіріндегі орыс-қазақ училищесін ашуға мұрындық болыпты. Орынборға барып рұқсат алып, оқу мерзімі үш жылдық училищенің бірін өз ауылынан аштырады. Жаңаша білім беретін училищеге «Үміт» мектебі деген атау бергізіп, «Ғалия» медресесін бітірген Әбділлә Беркінов, Троицкідегі мұғалімдер семинариясын бітірген Хұсайын Ашығалиев секілді білімді мұғалімдерді алдырады. Қуан мен Төпеннің балалары осы училищеде білім алады.

Әбділлә Беркінов бұл жайында:

«...Қуан екі баласын ертіп келіп, мектебімізге қосты. Үлкені Құдайберген, кішісі Ахмет осы «Үміт» мектебінде алғаш қалам ұстап, білім тарауларын ашты. Қуанның екі баласы да зеректігімен көзге түсті. Бір ерекшелігі — үлкені салмақты, ойшыл еді, ал Ахмет күлдіргі, ұтып сөйлейтін», — деп жазған болатын. Жазушы Ғабит Мүсірепов «Ғылымның бірінші дәрежелі жарық жұлдызы, аса ірі филолог-ғалым» деп бағалаған Құдайберген Жұбанов жастайынан жазу-сызуға құмар болады. Болашақ ғалым алғашқы білімді жоғарыда айтқан ауылдағы медресе мен осы орыс-қазақ училищесінен алады. 1914 жылы Орынбордағы «Хұсайыния» медресесінде білімін жалғастырады. Медреседе Нұғыман Манаев, Жиенғали Тілепбергенов, Шамғали Сарыбаевпен



Ағайынды

бірге оқиды. Осында жүріп орыс тілін жетік меңгереді. Шығыс тілдерін жақсы меңгеріп, Шығыс әдебиетінің шайырларын сүйсіне оқиды. Фердоусидің «Шахнамасы», Сағдидің «Гүлстаны», Низамидің «Ләйлә-Мәжнүні» секілді шығыс әдебиетінің классикалық шығармаларын түпнұсқадан оқып-танысады. Бұл жайында академик Ісмет Кеңесбаев: «Құдайберген Жұбанов араб, парсы, шағатай тілдерін тыңғылықтап игеріп алған, яғни «мұсылманша» оқудың орта дәрежелі курсын мұқият аяқтаған. Құдайберген қай жерде, қандай оқу орнында оқыса да, үнемі алдыңғы қатарлы шәкірт болады, «үздік» дегеннен басқа баға алмайды», — деп жазған болатын. Медресені тауысқан соң елге оралып, алдымен Жұрындағы екікласстық орыс мектебінде, сосын Күйікқаладағы (Илецк) екікласстық учи-

лищеде оқиды. Училищені бітірген Құдайберген Қуанұлы тіл маманы болуды армандайды. Академик Ісмет Кеңесбаев бұл жайында: «Қ.Жұбановтың алғашқы шәкірттік кезеңде алған білімдері кейіннен оның жақсы тіл маманы болуына негіз болды. Бұл жылдарда ол құрылысы басқа араб, парсы және орыс тілдерін тәжірибе жүзінде игеріп алады. Құдайберген Жұбанов он сегіз жасқа толмай жатып түркі, араб және парсы тілдерінде сөйлей де, жаза да білген», — деген болатын.

1919 жылы Қуан Жұбанұлы жүрек ауруынан дүние салады. Осы жылы Қуанның інісі Төпен де ауырып, бақилық болады. Енді екі бірдей отбасыны (өзінің іні-қарындастары мен ағасы Төпеннің отбасы) асырап-жеткізу міндеті Жұбановтар әулетінің үлкені, 20 жастағы Құдайбергенге түседі. Сондықтан

оның ары қарай білімін жалғастыруға мүмкіндігі болмады. Құдайберген Қуанұлының жалынды жастық шағы Кеңес өкіметі құрылып жатқан уақытқа сәйкес келді. Бала оқыту, ағартушылықпен қатар, жаңа қоғамдық құрылыс орнатуға атсалысады. Темір қаласындағы кеңестік бақылау бөлімін басқарады. Уездік атқару комитетінің мүшесіне сайланады. Осы кездерде үстінен жала жабылып, түрмеге де қамалады. «Аққа құдай жақ» дегендей, ақырында оған жабылған айыптың бәрі жоққа шығарылады. 1922 жылдан бастап Темір уездік оқу бөлімінде, 1925 жылдан Ақтөбе қаласының губерниялық халық ағарту органында қызмет етеді. Мұнда да іскерлігімен, белсенділігімен көзге түседі.

1928 жылы сол кездегі ел астанасы — Қызылордаға қызмет ауыстырады. Халық ағарту комисса-

25

риатына жұмысқа қабылданады. Алайда ол мұнда көп істеген жоқ. 1929 жылдың басында ҚазПИ-ге ғылыми қызметкер болып жұмысқа тұрады. Осы жылы Ленинградтағы Шығыс тілдері институтының аспирантурасына оқуға қабылданады. Оның ендігі мақсаты — тіл білімі бойынша теориялық білімін толықтыру болатын.

Ағайынды Жұбановтар Петерборға бірге келеді. Құдайберген КСРО Ғылым академиясының аспирантурасында, Ахмет Ленинград консерваториясында оқиды. Құдайберген Қуанұлының тіл ғылымы саласына түрен салуы, ғалымдық қызметі осы кезден басталды. Аспирантурада оқып жүргенде «Мағынасыз сөздердің мағыналары» атты ғылыми жұмысын жазады. 1932 жылы аспирантураны аяқтап, Алматыға оралады. ҚазПИ-дің профессоры болып қыз-

мет қызмет ете жүріп бірқатар қосымша қызметтерді де атқарды. КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының Лингвистика секторының меңгерушісі болды. Бұл қазіргі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты болатын. Сонымен қатар Халық ағарту комиссариаты жанындағы методика, бағдарламалар, оқулықтар секторын басқарды. Осында жүріп қазақ тілі жайлы тұңғыш монографиялық зерттеу жазды. Мектепке арналған оқу бағдарламасын жасап, қазақ тілі оқулықтарын, әдістемесін дайындады. Одан бөлек профессор Жұбанов фонетика, грамматика (морфология және синтаксис), ұлттық әдеби тілдің дамуы мен тарихы, жазу емлесі, термин, мәдениет пен өнер мәселелері секілді бағыттар бойынша тер текті. Асқан білімділігі мен ғылыми ізденістіңінің арқасында ұлттық лингвистикадағы бүтін бір салалардың іргетасын қалады.

Сонымен қатар термин мәселесін бір ізге түсіруге де Құдайберген Жұбановтың еңбегі сіңді. 1933 жылы Халық ағарту комиссари-

аты жанынан терминологиялық комиссия құрылды. Осы комиссияның төрағасы болып профессор Жұбанов тағайындалды. Терминком жаңа сөздер жасау, оларды тіл білімі тұрғысынан реттеп түзету, көпшілік талқысына салу, практикада жүзеге асыру секілді қазақ терминологиясына қатысты міндеттерді атқарды. Сондай-ақ Құдайберген Қуанұлы қазақ терминологиясынан тыс әліппи және жазу мәселесін түбегейлі зерттеп, лексикографияда өз ізін қалдырды. Антропонимдерінің сан қырлы сырын зерттеп, ономастикалық мәселелерге де мән берді. Сонымен қатар қарымды публицист ретінде де әдебиет пен мәдениеттің мәселелерін көтеріп көпке танылды. Мәселен, 1934 жылғы «Әдебиет майданы» журналында жарияланған «Абай — қазақ әдебиетінің классигі» мақаласында

Абайдың өлең құрылысындағы ерекшеліктерді талдап көрсетіп, оның тілді пайдаланудағы шеберлігін алғаш болып көрсетті. «Қазақ әдебиетінің тарихындағы Абайдың ұстайтын орнын босағаға қарай ысырмалаушылар, оған да місе тұтпай, табалдырықтан шығарып тастаушылар, менің байқауымша, даусыз бір моментті ескермей жүр; ол өз тұсында, жалғыз қазақ қана емес, басқа көршілес елдерден де Абайдың әдебиеттегі үздіктігі» деген тосын пікір айтты. Сол уақыттағы саяси жағдайды ескерсек, мұндай мақала жариялау үшін асқан батылдық қажет болатын.

Бұл мақала қазақ әдебиетіндегі абайтанудың бастауы саналады. Жұбановтың публицистикаға қосқан үлесі жайлы Мұхтар Әуезов: «Құдайберген стилі жатық, тілі орамды, мейлінше шебер жазатын адам еді», — деген пікір білдірген болатын. Екіншіке қарай, сталиндік репрессия басталған тұста Құдайберген Қуанұлының да басына қара бұлт үйіріледі. 1937 жылы оны қамауға алып, «халық жауы» деген жаламен ату жазасына кесті. 1957 жылы Құдайберген Жұбановтың ісі КСРО Жоғарғы сотында қайта қаралып, ақталады. Иә, Құдайберген Қуанұлы тіл ғылымының дамуына бір кісіді үлес қосады. Мәулен Балақаев оның еңбектеріне: «Құдайберген Жұбанов еңбектері арқылы қазіргі қазақ тіл білімінің

дәстүрді зерттеу ісін тоқтатпайды. Осы кезде Ахметтің түбегейлі музыка жолын таңдауына Александр Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» кітабы әсер еткен екен. Ахмет кейін естелігінде осы кітаптың болашақ тағдырын өзгерткенін жазған болатын. Сөйтіп, ол музыка маманы болуға шешім қабылдайды.

Ахметтің зерттеушілік қырын ашып, өнерге деген сүйіспеншілігін арттырған жанның бірі, ағасы Құдайберген Жұбанов еді. Осы ағасының кеңесі бойынша Ахмет Қуанұлы 1928 жылы Ленинградтағы М.Глинка атындағы музыка техникумына (скрипка класы), сонымен қатар осы қаладағы Н.Римский-Корсаков атындағы консерваторияға (робой класы) оқуға түседі. Бұл жайлы Ғабит Мүсірепов естелігінде: «Сол жас жігіттің аты — Ахмет Жұбанов еді. Қажырлы да қайратты, ойлы да білімді жас Ахмет қазақ халқының рухани мәдениетінің көтерілмеген тыңын игеруге, қазақ халқының үні қосылмай келген музыкалық аспаптарының басын қосып, жаңадан жан бітіруге, музыкалық мәдениетін мәңгі өркендету жолдарын іздестіруге бірден-ақ кірісіп кетті», — деп жазған болатын. Ахмет Ленинград консерваториясында оқи жүріп сол уақыттағы көрнекті музыкатанушы ғалымдардан дәріс алады. Консерватория қабырғасынан мол білім алып, ой-өрісі кеңіп, өмірге деген көзқарасы өзгереді. Ленинградтағы «Рабочий и театр» журналына қазақ музыкасының тарихы, теориясы жайлы мақалалар жариялап, қазақ музыка өнерінің жоғын түгендейді. Ол бұл миссияны өмірінің соңына дейін жалғастырады.

1932 жылы Ленинград консерваториясын бітіріп, осындағы Энгельс академиясының аспиранты атанады. 1933 жылы Алматыға келіп, қазақ музыка саласын дамытуға кіріседі. Енді Жұбановтың бар өмірі музыка өнерімен тығыз байланысты болады. Ахмет Қуанұлының атсалысуымен Алматыда музыкалық драма техникумы ашылады. Аталған оқу орнына Ленинградтан Евгений Брусиловский, Оралдан Лұқпан Мұхитов, Қызылордадан Махамбет Бөкейханов, басқа да өнер тарландары шақыртылады. Ахмет Жұбанов техникум жанынан студент домбырашылар ансамблі құрады. Ансамбль 1934 жылы өткен халық таланттарының Бірінші бүкілқазақ слетінде өнер көрсетеді. Осы жылы Ахмет Қуанұлы Қазақ ұлттық халық оркестрін құрады. 1945 жылға дейін осы оркестрдің дирижері болады. Оқу орындарында қазақтың халық музыкасы тарихы, дирижерлік өнер мен аспаптану пәнінен сабақ береді. Ахмет Қуанұлы музыкалық білім беру саласында айтарлықтай ізін қалдырады. Қазақтың алғашқы музыка теориясы оқулығын жазады. Қазақтың музыкатану саласындағы алғашқы ғылым кандидаттарын дайындайды.

Жалғасы 6-бетте.

Жұбановтар

мет істейді. Ұзамай Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалады. Сонымен қатар аспирантураға шәкірттер даярлайтын курсқа жетекшілік етеді. Кейін оған декан міндетін атқару қоса жүктеледі.

Профессор Құдайберген Жұбанов ҚазПИ-де қызмет еткен жылдары қазақ филологиясы кадрларын даярлауға, тіл ғылымының ғалымдарын шығаруға, қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты бастамаларды іске асыруға себепші болады.

Профессор Әбдулал Қайдар бұл жайында: «Қазақ жерінің перзенті, тамаша лингвист-ғалым, профессор Құдайберген Жұбанов — біздің мақтаншымыз. Өйткені ол Қазақстан лингвистикасының аспанынан нұрын шашқан шұғылалы шоғырдың ішіндегі жарық жұлдыздарының бірі» деген болатын.

аты жанынан терминологиялық комиссия құрылды. Осы комиссияның төрағасы болып профессор Жұбанов тағайындалды. Терминком жаңа сөздер жасау, оларды тіл білімі тұрғысынан реттеп түзету, көпшілік талқысына салу, практикада жүзеге асыру секілді қазақ терминологиясына қатысты міндеттерді атқарды. Сондай-ақ Құдайберген Қуанұлы қазақ терминологиясынан тыс әліппи және жазу мәселесін түбегейлі зерттеп, лексикографияда өз ізін қалдырды. Антропонимдерінің сан қырлы сырын зерттеп, ономастикалық мәселелерге де мән берді. Сонымен қатар қарымды публицист ретінде де әдебиет пен мәдениеттің мәселелерін көтеріп көпке танылды. Мәселен, 1934 жылғы «Әдебиет майданы» журналында жарияланған «Абай — қазақ әдебиетінің классигі» мақаласында

іргетасы қалана бастады. Сондықтан оны біз қазақ тілін ғылыми жолмен зерттеу жұмысының негізін қалаушы деп танымыз», — деп баға береді.

Мұхтар Әуезов пен Ісмет Кеңесбаев Құдайберген Жұбановты «қазақ лингвистикасының негізін қалаушы» деп бағаласа, інісі Ахмет Жұбанов қазақ ұлттық мәдениетінің негізін қалады. Ахмет те ағасы Құдайберген секілді жастайынан қазақтың поэтикалық, прозалық, музыкалық фольклорын бойына сіңіріп өседі. Ахмет бала кезінен музыкаға құмар болды. Қолына домбыра алып, ән-күй орындап, өнерпаз ретінде танылады. Ағасы Құдайбергеннің ізімен Ахмет те Жұрындағы екі сыныптық орыс мектебін бітіреді (1918). Сосын аз уақыт Темірде мұғалімдік қызмет атқарады. Алайда ақындық, жыраулық, әншілік, күйшілік

✓ December 19 —
Kudaibergen Zhubanov's
birthday

Ағайынды Жұбановтар



Соңы. Басы 4-5 беттерде

1935-1937 жылдары Ахмет Қуанұлы Жамбыл атындағы филармонияның көркемдік жетекшісі болады. Сонымен қатар музыкалық драма техникумы директорының орынбасары қызметін атқарады. 1945-1951 жылдары Алматы консерваториясын басқарады. Бұл кезде Кеңес өкіметі идеологиялық қудалау жүргізе бастаған еді. Қудалау құрығына Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Ахмет Жұбанов, Қажым Жұмалиев, Ермахан Бекмаханов, Бекежан Сүлейменов, Қайым Мұхамеджанов секілді мәдениет пен ғылым қайраткерлері де ілінді. БАҚ беттерінде олар жайлы сыни мақалалар жазылды. Оларды ұлтшыл, бай тұқымы деп айыптайды. Бұл қуғындаудың қатерлі болғаны сондай, кейбірі уақытша елден кетуге мәжбүр болады. Ахмет Жұбанов та жұмыстан, партия қатарынан шығарылып, соңында Мәскеуге кетуге мәжбүр болады. Жазушы Әбіш Кекілбаев Ахметтің осы бір қиын кездері жайында: «Таланса да, талықсығанын көрсетпейтін сырттаңдай, жалын жықпай баққан-ды. Мандайға алған бағытынан сынық сүйем ауытқып көрген жоқ-ты. Ол ұстанған бағыт — туған ұлтының рухани әлеуетін нығайтып, төл мәдениетінің көсегесінің көгері түсуіне, тарих тепкісін көп көрген халқының заманалық аусарлықтардың аламан-асырымен шайылып кет-

пей, дәйім алға баса беруіне қалтқысыз қызмет ету еді», — деп жазған болатын.

Кімді көріп, нені бастан кешпеген Ахмет бұл ауыр ахуалды да еңсереді. Жылымық кезеңі басталған уақытта елге оралып, Алматы консерваториясы Халық аспаптар кафедрасының меңгерушісі (1954-1961 жылдары) қызметін атқарды. 1961 жылдан бастап М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыка өнері бөлімін басқарады.

Ахмет Жұбанов ұлттық музыка зерттеу саласының негізін қалаушылардың бірі болды. Оның қаламынан 300-дан астам музыкалық, ғылыми бай мұра қалды. Ол көптеген әндер, романстар, хорлар, сюиталар, фантазиялар, симфониялық поэмалар, увертюраларды өмірге әкелді. Композитор Жұбановтың әндері көркемдігімен қатар ұлттық бояуымен ерекшеленді. Мәселен, композитор «Қарлығаш», «Көгершін» секілді әндері әлі күнге дейін халықтың сүйікті әні ретінде орындалып келеді. Осыдан-ақ оның қаламынан қандай ғажайып әндер өмірге келгенін байқауға болады.

Ахмет Қуанұлының қазақ музыкасына әкелген бір жаңалығы — шетел классиктерінің шығармаларын қазақ оркестріне арнап аспаптау болатын. Осы арқылы шетелдік шығармаларға ұлттық бояу енгізіп, ұлт аспаптар оркестрінің репертуарын байытады. Сонымен

қатар қазақтың әндері мен күйлерін батыстың композициялық әдістемелері арқылы өңдеп, халық аспаптар оркестрі арқылы екінші тынысын ашады. Атап айтқанда Мәди, Біржан сал, Ақан сері, Майра, Балуан Шолақ, Мұхиттың әндерін, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Дина, Түркештің күйлерін, барлығы 100-ден астам ән-күйді, сондай-ақ 30-дан астам халық әндерін осы тәсілмен қайта жаңғыртады.

Сондай-ақ Ахмет Жұбанов «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Исатай мен Махамбет», «Айман-Шолпан» секілді драмалық спектакльдерге де музыкалық шығармалар жазды. Латиф Хамидимен бірге қазақтың алғашқы операларын өмірге әкеледі. Мәселен, олар жазған «Абай» операсын 1944 жылы Абай Құнанбайұлының 100 жылдығы қарсаңында Құрманбек Жандарбеков сахналады. Шығарманың либреттосын заңғар жазушы Мұхтар Әуезов жазды. Бұл шығарма әлемнің көптеген елдерінде көрсетілді, 1978 жылы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Операның өміршеңдігі сондай, әлі күнге дейін орындалып келеді. Жыл сайын театр маусымын «Абай» операсымен ашу ізгі дәстүрге айналды.

Ахмет Жұбанов Абай әндерін зерттеуде де мол табысқа жетті. Бүгінде ел алдында орындалып жүрген Абайдың 16 әнін немересі Мәкен Мұхамеджановадан жазып алып, нотаға түсірді. Сәбит Мұқа-

нов айтқандай, Құдайберген Жұбанов көркем әдебиетте ұлы Абай бейнесін шеберлікпен шығарса, Ахмет Жұбанов музыкада күйші Құрманғазы тұлғасын жан-жақты аша білді. Иә, Ахмет Жұбанов дәулескер күйші Құрманғазының бағын ашты. Күйшінің өмірі мен шығармашылығын терең зерттеп, ел ішіндегі күйлерін жинап, нотаға түсіріп, ғылыми түрде жүйеледі. Құрманғазының шығармаларын оркестрге бейімдеді. Осы еңбегі үшін «Өнертану ғылымының докторы» атағын алды. Тіпті Ахмет Қуанұлы ақын Хамит Ергалиевтің либреттосы бойынша Құрманғазы жайлы опера жазуды да жоспарлаған екен. Алайда 1968 жылы өмірден өтіп, ол жоспарына қол жеткізе алмады. Композитордың бұл арманын қызы Ғазиза Жұбанова жүзеге асырып, 1987 жылы «Құрманғазы» операсы сахналанды.

Ахмет Қуанұлы халық композиторларының өмірін, олардың музыкалық мұрасын зерттеп, «Замана бұлбұлдары», «Ғасырлар пернесі», «Құрманғазы», «Өн-күй сапары», «Өскен өркен», «Менің замандастарым» секілді кітаптарын жарыққа шығарды. Осылайша Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Сейтек, Тәттімбет, Балуан Шолақ, Қазанғап, Байсерке, Абыл, Ықылас, Сармалай, Ыбырай, Мұхит, Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса, Әсет, Естай секілді қазақтың қаншама өнер иелерінің өмірдегі мен шығармаларын тарихта қалдырып, бүгінгі күнге жетуі үшін тер төкті. Қорыта айтқанда, Ғабит Мүсірепов жазғандай, «Ахмет Жұбанов сияқты үлкен композитор, білікті ғалымның творчестволық жолын тегіс қамтып шығу тіпті мүмкін емес деуге болады. Өзінің туындылары арқылы, сахна мен экран, эстрада мен оркестр арқылы, кітаптары арқылы көп жайды Ақан өзі айтып кеткен адам».

25

Тұғыры биік тұлғаға тағзым

19 желтоқсан — Құдайберген Жұбановтың туған күніне орай университетте мазмұнды іс-шара өтті. Жұбанов әулетінің өкілдері университетке келіп, ғалымның рухына тағзым етіп, ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Сонымен қатар Құдайберген Жұбановқа арналған көрме ұйымдастырылды. Көрмеде ғалымның өмірінен сыр шертетін сирек фотосуреттер, оның анасы, жұбайы, туыстары мен достарының бейнелері ұсынылды. Заманауи технологияның көмегімен QR код арқылы көрме келушілері ғалымның өмірбаяны мен ғылыми мұрасын тереңірек танысу мүмкіндігіне ие болды.

Сондай-ақ, көрмеде университеттің шығармашыл студенттерінің туындылары орын алды. Олардың жұмыстары Құдайберген Жұбановтың рухани және мәдени мұрасымен үндестік тауып, шараның мәнін тереңдете түсті. Бұл Құдайберген Жұбановтың ғылым мен мәдениетке қосқан үлесін дәріптеуге арналған маңызды шаралар болды.

Zhubanov University Баспасөз қызметі

✓ December 19 —
Kudaibergen Zhubanov's
birthday



Жел үстіндегі вальс

ФИЛЬМІНДЕ АХМЕТ ЖҰБАНОВ БЕЙНЕСІ

"Қазақстан" телерадиокорпорациясы түсірген "Жел үстіндегі вальс" телехикаясында Құдайберген Жұбановтың бауыры Ахмет Жұбановтың бейнесі сомдалды. Ролін ойнаған актер Қайрат Набиолла. Актер тағдыр тарихы ауыр тұлғаның образын шынға оңай болмағанын айтады. Ол Ахмет Жұбанов жайлы деректерді оқып, білетін жандармен тілдесіп, көп дайындалған. Тіпті рольден бас тартқысы келіп, тартыншақтаған да. Актерге үлкен жігер берген Ахмет Жұбановтың асқан парасаттылығын куәлейтын бір дерек болыпты. "Менің кейіпкерім эмоцияға салынбайтын, өте сабырлы жан екен. Ағасы атылып кеткен, өзі қудаланған, жұмыссыз қалған, сол ауыр күндерден өтіп, қызметін жалғастыра берген ғой. Сонда айналасындағылардың бірі шыдамай, таң қалып, "Басыңыздағы жағдайларды қалай көтеріп жүрсіз, ағаңызды жоқ қылды, өзіңізді қыспаққа ал-

ды", — деп сұрағанда Ахмет Жұбанов "Менің ағам бір рет өлді, оны жойғандар мені көріп, күнде өледі", — деген екен. Осыдан соң мен рольді сәтті ойнап шығуға бел будым", — дейді Қайрат Набиолла.

«Жел үстіндегі вальс» телехикаясы арқылы көрермен төл мәдениетіміздің алтын дәуірі саналатын 1930-40 жылдардағы қазақ музыка және театр өнерінің тарихымен танысты.

Телетуындыда сол дәуірдің өкілдері Ахмет Жұбанов, Латиф Хамиди, Евгений Брусиловский, Мұқан Төлебаев бастаған атақты композиторлардың шығармашылық жолындағы көпшілік біле бермейтін оқиғалар көрініс тапқан.

Қоюшы-режиссер:
Айдын Сахаман
Продюсер:
Назгүл Карабалина

Г.Қараша

Faculties

ЖАҢА АТАУ — ЖАҢА БАСТАУ

2024 жылды бұрынғы Педагогика факультеті «Педагогика және білім берудегі менеджмент» деген жаңа атаумен бастады. Аты айтып тұрғандай енді маман дайындауда тек педагогтарды ғана емес, жаңа заман талабына сай білім саласының болашақ менеджерлерін, лидерлерін дайындауға бағыт алдық. Факультет ұжымымен ақылдаса келе бірінші кезекте қаланың мектепке дейінгі білім беру ұйымдарынан, мектептерінен шақырылатын практик-мамандардың басшылық қызметте тәжірибесінің болуына баса назар аудардық. Әрине, менеджментпен, лидершиппен байланысты оқу дисциплиналарының білім мазмұны да талданып, әлемдік тәжірибені қолдану бағытында жұмыстар жүргізілді. Одан бөлек факультеттің күнтізбелік жылда жеткен жетістіктерінің ішінде «7M01106 (IP) Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық» ББ ашылуын, «6B01301 Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» ББ студенттері XV Республикалық пәндік олимпиадасында жүлделі II орынға ие болуын, «6B01201 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» ББ студенттері XVI Республикалық пәндік олимпиадасында командалық II орынға ие болуын, «6B01902 Арнайы педагогика» ББ бойынша XVI Республикалық пәндік олимпиадасының өткізілуін, Жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент кафедрасының «Жыл үздігі» байқауының өнер саласы, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Үздік кафедра-2024» атауын атап өтуге болады.

Университет деңгейінде 2024 жылдың тарихында қалатын оқиға ретінде Менторлар институтының құрылуын ерекше атап өтер едім.

Әлбетте әлеуметтік-тәрбие жұмыстары болашақ мамандарды дайындауда өте маңызды. Әлеуметтік жобалар, мағыналы шаралар арқылы студенттердің білім алуын, тәжірибе алмасуын, өзара байланыс орнатуын жолға қоюға болады. Біздің факультетке 5 ментордың қосылуы осы жұмыстарды және бұрыннан ойымызда жүрген біршама идеяларымызды жүзеге асыруға көмектесті. Біз декан орынбасарларымен және менторлармен келісе отыра оқу жылын 4K&4Q үлгісінде жоспарладық. Алғашқы семестрдің 4 айында атқарылған жұмыстар 4K (Коммуникация, Сыни ойлау, Креативті ойлау, Коллаборация) моделі арқылы бөлінді. Студенттеріміз бұл дағдылармен жақынырақ танысып, білімін көбейтіп, жаңа тәжірибе алды. Келесі семестрді 4Q (Эмоционалды, Рухани, Менталды, Физикалық интеллект) өткізуді жоспарладық.

Сондықтан кірер жылға бағытталған арман да, мақсат та бізде көп. Келер жылға қойып отырған мақсаттарымыз көбіне ғылыммен байланысты. Факультеттің ғылыми әлеуетін күшейткіміз келеді.

Соның бірден бір жолы «8D01301 Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» ББ бо-

йынша докторанттарымыздың қорғауға шығуы. Келер жылда алғашқы докторанттарымыз қорғайды деп үміттеніп отырмыз.

Абылай Каринов
Zhubanov University
Педагогика және білім
берудегі менеджмент
факультетінің деканы,
Білім беру саласындағы
ғылым магистрі

РУХАНИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЗОР ОҚИҒА

2024 жыл факультет үшін жемісті әрі маңызды оқиғаларға толы болды. Факультет ұйымдастырған ең басты іс-шара — Қ.Жұбановтың туғанына 125 жыл толуына және Есет Жұбановтың туғанына 95 жыл толуына байланысты іс-шаралар.

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов — ғылымның жарық жұлдызы, өзінің саналы ғұмырын елінің оқу-ағарту қызметіне арнаған Алаштың ардақты азаматы. Ал Есет Құдайбергенұлы Жұбанов — әке жолын қуған талантты лингвист-ғалым. Оқу ордамызға Құдайберген Жұбановтың есімі берілген жылы Алматы қаласынан туған жерге қоныс аударып, әкесінің атын алған білім мен ғылым шаңырағындағы абыройлы қызметін бастады. Ғұлама ғалымның өнегелі өмірі мен ғылыми мұрасын зерттеуге бағытталған «Жұбановтану» зертханасының негізін қалап, ғұмырының соңына дейін әке алдындағы парызын адалынан атқарған тұлға.

Бұл ауқымды іс-шаралар қыркүйек айынан басталып, 19-желтоқсанға дейін жалғасты, өзінің мазмұны мен форматы жағынан ерекше өтті.

Оның аясында: шығармашылық конкурстар; жаппай диктант; семинарлар мен дөңгелек үстелдер; подкасттар мен халықаралық ғылыми конференция ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, Диссертациялық Кеңес жұмысының нәтижесін атар едім. Бір жыл ішінде 6 ғылыми диссертация сәтті қорғалды. Тағы бір айтулы оқиға — Құдайберген Жұбановтың кенже ұлы, профессор Асқар Жұбанов атындағы арнайы кабинеттің ашылуы.

2024 жылы факультет тарихында ғана емес, университет және ел тарихында орын алған ерекше оқиға жаңа басында айтқан Қ. Жұбановтың 125 жылдық мерейтойы. Бұл мерейтойдың рухани және ғылыми құндылығы зор болды. Сонымен бірге, Асқар Жұбанов атындағы арнайы лингвафондық-мультимедиялық кабинеттің ашылуы да сөзсіз маңызды іс-шара. Қазақ тіл білімінің қолданбалы саласының

қарқынды дамуына айрықша үлес қосқан, өмірін қазақ лингвостатистикасы мен корпустық лингвистика сияқты заманауи бағыттарды қалыптастыруға арнаған әлемдік деңгейдегі ғалым, қазақ тілінің ұлттық корпусының негізін қалаушы Асқар ағамыздың атаулы кабинетінің ашылуын көптен күткен едік.

Келер жылға да үлкен жоспарларымыз бар. Олардың ішінде ең маңыздысы — бір үлкен жобаны іске асыру. Бұл жоба факультетіміздің беделін арттырумен қатар, білім алушыларға жаңа мүмкіндіктер береді деп сенеміз.

Алдағы 2025 жыл университет ұжымына бірлік пен шығармашылық шабыт, факультетке жаңа белестер, ал білім алушыларға сәттілік, білімге деген құштарлық және биік жетістіктер тілеймін! Жаңа жыл құтты болсын!

Бактыгуль Ертлеуова,
Zhubanov University
Филология факультетінің
деканы, Педагогика және
психология магистрі

ҮЗДІК ЖЫЛ

Жылды қорытындылау — бұл немен қоштасу керектігін және келесі жылы нені қабылдау керектігін түсінуге көмектесетін ревизия. Быылғы жылдың басты жетістіктерінің бірі физика-математика факультеті мен "Физика" кафедрасының университеттің тағы да "Үздік факультеті" және "Үздік кафедрасы" атануы болса керек.

Соңғы 4 жылда факультеттің профессорлық-оқытушылар құрамы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрілігі өткізетін "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" республикалық байқауының жеңімпаздары болып келеді, ал ағымдағы оқу жылында бұл атаққа ф-м.ғ.к., қауымдастырылған профессор А.Иманчиев пен PhD докторы З.Нугаева ие болды.

Өтіп бара жатқан жылдың басқа да айтулы оқиғалары — ғалымдарымыздың жетістіктері. Биыл PhD Мұқаш М., PhD Тоқмурзин Ж., PhD Мыңбаева С., PhD Т.Шұғаева республикалық «Жас ғалым» байқауының жеңімпаздары атанды.

Сонымен қатар профессор Ж.Сартабанов пен қауымдастырылған профессор А.Иманчиев қолданбалы зерттеулерге арналған гранттық жобалар иегерлері болды.

Факультетте "8D05401-Математика" және "8D05301-Физика" 2 диссертациялық кеңес тиімді жұмыс істейді, онда жыл сайын жас ғалым-

дар докторлық диссертацияларын қорғайды, мысалы, биылғы жылы жас ғалымдар Исенова А., Убаева Ж., Тұтқышева Ж., Мұқаш М., Дүйсенова А. философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін докторлық диссертацияларды сәтті қорғады. (PhD).

Айта кетерлігі, халықаралық стандарттарға сәйкес білім беру сапасын қамтамасыз ету және бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында факультет профессорлық-оқытушылар құрамы үшін де, студенттер үшін де сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлықты сәтті жүзеге асырды.

Биылғы жылдың соңында халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасына сәйкес Ош мемлекеттік университетінің (Қырғызстан) 11 студенті "Математика және информатика" ББ бойынша білім алуда.

Биылғы жылы факультеттің 10 студенті Памуккале, Хаджеттепе, Чанаккале, Костамону (Түркия), Жешувск, Помор, Быдгош (Польша Республикасы) университеттерінде білім алды. Факультетте білім алатын шетелдік студенттердің географиясы да кеңейіп келеді, егер бұрын студенттер негізінен Өзбекстан мен Ресейден келіп білім алса, биыл Ауғанстан мен Әзірбайжаннан келді. Барлығы факультетте қазір 20 шетелдік студент білім алуда.

Факультет студенттерінің 25 пайыздан астамы орта мектепті "Алтын белгімен", арнайы аттестатпен бітірушілер, сондай-ақ халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары екенін атап өткен жөн. Жаңа оқу жылында факультеттің білім беру бағдарламаларына 33 "Алтын белгі", 22 арнайы үлгідегі аттестат иегері, 17 республикалық және халықаралық олимпиадалардың, конкурстардың жеңімпаздары оқуға түсті.

Физика-математика факультетінің тарихында алғаш рет "Болашақ" халықаралық бағдарламасы бойынша PhD докторы Омарова Б. (Шотландия), аға оқытушы Сартабанова Ж. (Болгария), PhD докторы Аймағанбетова З. (Ұлыбритания) шетелде ғылыми тағылымдамадан өтті.

Оқу үдерісін интеграциялау, ағылшын тілін үйренуге мотивация және халықаралық академиялық ұтқырлыққа қатысу тұрғысынан

ЖЫЛЫ 2024

факультеттің профессорлық-оқытушылар құрамы мен студенттерінің қызметіне мультипликативті әсер берген ұлыбританиялық Heriot Watt университетінің филиалының ашылуы ықпал етті.

Мұның барлығы профессор-оқытушылар құрамының шығармашылық инновациялық әлеуетін одан әрі қалыптастыруға септігін тигізеді.

Жаңа 2025 жылы оқытушылар мен білім алушыларға денсаулық, отбасына амандық, шығармашылық табыс, ұстаздық қызметте толағай табыстар тілеймін.

Біздің университет республикалық және халықаралық рейтингтерден лайықты орын ала берсін, ал физика-математика факультетінің профессорлық-оқытушылар құрамы мен білім алушылары осы мақсаттарға жету жолында бар күш-жігерін сала бермек.

Асқар Аймуқатов,
Zhubanov University
Физика-математика
факультетінің деканы,
педагогика ғылымдарының
кандидаты, Халықаралық
ақпараттандыру
академиясының академигі

ЖОҒАРЫ БІЛІКТІ МАМАНДАР ҚОСЫЛДЫ

2024 жылы факультетімізге жоғары білікті мамандар, оның ішінде шетелдік азаматтар қосылды. Heriot-Watt университетімен серіктестік нығайтып, біздің оқытушыларымыздың жоғары деңгейін шетелдік әріптестеріміз мойындады. Бұл серіктестік алдағы уақытта да табысты жалғасатынына сенімімізді нығайтты. Кампусар арасында синхронды емтихандар сәтті ұйымдастырылып, өткізілді.

Факультетіміздің оқытушылары Web of Science және Scopus базаларына кіретін рейтингі жоғары (Q1-Q2) журналдарда оншақты мақала жариялады.

Жаңа оқу жылында факультетке талапты студенттерді тарту бойынша жұмыстар нәтижелі болды, бізге өз қаражатымен оқуға түскен студенттер мен шетелдік азаматтар қосылды. Факультетіміз білім беру де саннан гөрі сапаға баса мән бе-

ретінін және сапалы білімді мақсат тұтатынын тағы да дәлелдеді.

Жас факультет тарихында қалатын маңызды оқиға — оқу үлгерімі төмен, академиялық адалдық талаптарын сақтамаған, өзгенің жұмыстарын көшірген 107 студенттің келесі курсқа көшірілмеуі. Бұл шешім факультетіміздің академиялық адалдық принциптерін қатаң ұстанатынын және білім сапасын арттыруға ерекше назар аударатынын көрсетті.

Алдағы жылы факультетіміздің профессор-оқытушылар құрамының жартысын әлемдік жетекші университеттерден білім алған мамандар құрауы — біздің басты мақсатымыз. Сонымен қатар, келесі оқу жылында Орталық Азиядан тыс шетелдік студенттер санын айтарлықтай арттыруды көздейміз.


Бекдәулет Шүкірғалиев,
Heriot-Watt халықаралық
факультеті жоба
көшбасшысы, PhD., доцент,
"ЖОО Үздік оқытушысы-2024"
республикалық конкурсының
жеңімпазы

ҰСТАЗ ҮШІН МӘРТЕБЕЛІ АТАҚ

Zhubanov University бір топ ғалымы "ЖОО Үздік оқытушысы — 2024" республикалық конкурсының жеңімпаздары атанды.



ӨТЕГЕН САРИЕВ
техникалық ғылымдар кандидаты, қауымдастырылған профессор,
«Металлургия және тау-кен ісі» кафедрасының доценті



ДАУРЕН ЕСЕНГАЛИЕВ,
PhD, «Металлургия және тау-кен ісі»
кафедрасының доценті



БЕКДАУЛЕТ ШҮКІРҒАЛИЕВ
Dr. Rer. Nat., Heriot-Watt жоба жетекшісі



ЕРБОЛ ШАБАНОВ
PhD, қауымдастырылған профессор,
«Металлургия және тау-кен ісі» кафедрасының доценті



ГУЛБАНУ ИЗБАСАРОВА
Тарих және дінтану кафедрасының меңгерушісі,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Бұл ұстаз үшін мәртебелі атақ. Атап кету керек, жеңімпаздардың бірі — профессор Гүлбану Избасарова бұл атаққа екінші рет ие болып отыр.

ҚОС ПРОФЕССОР — ЖЕҢІМПАЗ

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2024 жылға арналған Ғылым саласындағы сыйлықтарға және Мемлекеттік ғылыми стипендияларға үміткерлерді іріктеу конкурсының қорытындысы бойынша Zhubanov University қос профессоры жеңімпаз атанды.



КУЛЗАТ САДИРОВА
Филология ғылымдарының докторы, профессор

Филология факультеті «Теориялық және қолданбалы тіл білімі» кафедрасының оқытушысы, профессор, филология ғылымдарының докторы Күлзат Садирова Мемлекеттік ғылыми стипендияға ие болса, Шетел тілдері факультеті, «Ағылшын және неміс тілдері» кафедрасының доценті, PhD., қауымдастырылған профессор



ГУЛЬЖАНА КУЗЕМБАЕВА
«Ағылшын және неміс тілдері» кафедрасының доценті,
PhD, қауымдастырылған профессор

Гүлжана Кузембаеваға жас ғалымдарға арналған М.Әуезов атындағы сыйлық тағайындалды.

ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕР ЖЕМІСІ

Zhubanov University биолог-ғалымдары жастарға арналған Мемлекеттік стипендия иегерлері аталды.



АРМАН ИСИМОВ
«Биология» кафедрасының доценті, PhD

Жаратылыстану факультеті, Биология кафедрасының доценттері: PhD Арман Исимов пен PhD Асхат Мыңбай осылайша ғылыми ізденістерінің жемісін көрді.



АСХАТ МЫҢБАЙ
«Биология» кафедрасының доценті, PhD

Асхат Мыңбай сонымен қатар "Болашақ" бағдарламасының "500 ғалым" жобасының грантын ұтып алды. Енді ол Англияның Ланкастер (Lancaster) университетінде медицина және денсаулық сақтау бағыты бойынша тағылымдамдан өтеді.

Беттерді дайындаған Г.Қараша

Main news

ЖАС ҒАЛЫМДАР
ФОРУМЫ

Астанада Young Researchers Alliance қауымдастығының ұйымдастыруымен Астанада Жас ғалымдар форумы өтті.

Форумға Zhubanov University ректоры, "Білім беру" саласы бойынша философия докторы Лаура Қарабасова қатысып, баяндама жасады. Бұл жөнінде ол әлеуметтік парақшасында форум жайлы ойларымен бөлісті.

"Бұл игі бастама жас зерттеушілер, саясаткерлер, инвесторлар және студенттер пікір алмасып, тың идеяларды талқылайтын тиімді алаңға айналды.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еліміздің ғылыми әлеуетін арттыру және зияткер жастарды қолдау стратегиялық қадам екенін үнемі айтып келеді. Осыған байланысты бұл бағытта жүйелі және тұрақты жұмыс жүргізілуде.

Соның аясында биыл ғылыми ортаның мүддесін қорғайтын "Ғылым және технологиялық саясат туралы" маңызды заң қабылданды. Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасымен алдағы екі жылда жас ғалымдарға зерттеу жұмыстары үшін берілетін гранттар көлемі айтарлықтай арттады.

Форумда осы мәселелермен қатар отандық ғылымды дамытуға серпін беретін басым бағыттарға да тоқталып өттім. Бұл ретте аграрлық сектор, экология, химия, ғарыш, жаңғыртылатын энергия көздері, жасанды интеллект сияқты салалардың маңызы зор. Осы бағыттардағы терең зерттеулер мен инновациялық тәсілдер арқылы болашақта ірі нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Іс-шара барысында ғалымдардың құқықтық мәртебесін нығайту, венчурлық инвестицияны дамыту, зерттеу университеттерін қолдау сияқты бірқатар өзекті мәселелер жан-жақты талқыланды. Жас ғалымдар аталған салаларға қатысты өздерінің ұсыныстары мен ойларын айтты. Алдағы уақытта бұл бастамалар табысты іске асырылып, отандық және әлемдік ғылымға үлкен үлес қосады деп үміттенеміз.

Өз кезегінде Сенат ғалымдарымыз бен зерттеушілерімізге қажетті жағдай жасау ісіне заңнамалық тұрғыдан қолдау көрсетуді жалғастыра береді.

Осы орайда форумның барлық қатысушыларына жаңа жеңістер мен жетістіктер тілеймін. Мұндай жобалар ұлттық ғылымды одан әрі дамытуға тың серпін береді деп сенеміз, — деді Лаура Қарабасова.

ФОРУМ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

В Астане прошел Форум молодых ученых, организованный ассоциацией Young Researchers Alliance.

В мероприятии приняла участие ректор Zhubanov University, доктор философии в области образования Лаура Карабасова, которая выступила с докладом. Она поделилась своими мыслями о форуме на своей странице в социальных сетях.

«Эта замечательная инициатива стала эффективной платформой для обмена мнениями, обсуждения новых идей среди молодых исследователей, политиков, инвесторов и студентов.

Наш президент Касым-Жомарт Тоқаев постоянно отмечает, что стратегическим шагом является

развитие научного потенциала страны и поддержка интеллектуальной молодежи. В этом направлении ведется системная и постоянная работа.

В частности, в этом году был принят важный закон «О науке и технологической политике», который защищает интересы научного сообщества. По поручению главы государства, в ближайшие два года объем грантов на исследовательские работы для молодых ученых будет значительно увеличен.

На форуме, помимо этих вопросов, я также коснулась приоритетных направлений, которые могут дать импульс развитию отечественной науки. Особое значение имеют такие сферы, как аграрный сектор, экология, химия, космос, возобновляемые источники энергии, искусственный интеллект. Глубокие исследования и инновационные подходы в этих областях могут привести к значительным результатам в будущем.

В ходе мероприятия были всесторонне обсуждены актуальные вопросы, такие как укрепление правового статуса ученых, развитие венчурных инвестиций, поддержка исследовательских университетов. Молодые ученые высказали свои предложения и идеи по этим направлениям. Мы надеемся, что эти инициативы будут успешно реализованы и внесут большой вклад в отечественную и мировую науку.

Со своей стороны, Сенат продолжит оказывать законодательную поддержку созданию необходимых условий для наших ученых и исследователей.

Желаю всем участникам форума новых побед и достижений. Уверена, что такие проекты придадут новый импульс развитию нацио-

нальной науки», — отметила Лаура Карабасова.

YOUNG RESEARCHERS
FORUM

The Young Researchers Forum was held in Astana, organized by the Young Researchers Alliance.

The event was attended by the Rector of Zhubanov University, Doctor of Philosophy in Education, Laura Karabasova, who delivered a speech. She shared her thoughts about the forum on her social media page.

«*This remarkable initiative has become an effective platform for exchanging ideas and discussing new concepts among young researchers, policymakers, investors, and students.

Our President Kassym-Jomart Tokayev consistently emphasizes that enhancing the country's scientific potential and supporting intellectual youth is a strategic priority. Systematic and ongoing work is being carried out in this direction.

This year, an important law, "On Science and Technological Policy," was adopted to protect the interests of the scientific community. At the instruction of the head of state, the volume of grants for research projects by young scientists will be significantly increased over the next two years.

At the forum, in addition to these issues, I also addressed the priority areas that could drive the development of domestic science. Areas such as the agricultural sector, ecology, chemistry, space, renewable energy sources, and artificial intelligence are of particular importance. Deep research and innovative approaches in these fields can lead to significant results in the future.

During the event, pressing issues were thoroughly discussed, including strengthening the legal status of scientists, fostering venture investments, and supporting research universities. Young researchers shared their proposals and ideas in these areas. We hope that these initiatives will be successfully implemented and make a substantial contribution to both national and global science.

The Senate, on its part, will continue to provide legislative support to ensure the necessary conditions for our scientists and researchers.

I wish all forum participants new victories and achievements. I am confident that such projects will give a fresh impetus to the development of national science," noted Laura Karabasova.

25

2026 ЖЫЛ — ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕРІКТІЛЕР ЖЫЛЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен БҰҰ Бас Ассамблеясы 2026 жылды Орнықты даму мақсаттарына еріктілерді жұмылдырудың Халықаралық жылы деп жариялады.

Астанада БҰҰ Еріктілер бағдар-

Бүгінгі таңда елде 740-тан астам волонтерлік ұйым және мыңнан астам бастамашыл топ белсенді жұмыс істейді.

5 желтоқсан — Халықаралық волонтерлер күні қарсаңында елордада "Жыл волонтері" халықаралық сыйлығының және «Игі істер марафоны» жобасының жеңімпаздары марапатталды.

Марапатталғандар арасында Zhubanov University студенттері Темірлан Жолдыбай мен Сымбат Игизғали бар.

Темірлан Жолдыбайға «Экологиялық» бағытындағы мейірім апталығы бойынша «Эко қорғау-

Международному году волонтеров, с участием представителей Штаб-квартиры Программы волонтеров ООН.

В мероприятии приняли участие заместитель министра культуры и информации Республики Казахстан Айзада Курманова и глава Международного секретариата Программы волонтеров ООН Сандра Ингрид Кох.

На встрече обсуждались цели и задачи, поставленные перед Международным секретариатом и Национальным организационным комитетом Казахстана. Также были рассмотрены предложения, направленные на открытие новых возможностей для увеличения вклада волонтерства в достижение глобальных целей устойчивого развития.

На сегодняшний день в стране активно работают более 740 во-

2026 — INTERNATIONAL YEAR OF VOLUNTEERS

At the initiative of the President of the Republic of Kazakhstan, Kassym-Jomart Tokayev, the United Nations General Assembly declared 2026 as the International Year of Volunteers aimed at mobilizing volunteers to achieve the Sustainable Development Goals.

A meeting dedicated to the preparation for the International Year of Volunteers was held in Astana with the participation of representatives from the Headquarters of the UN Volunteers Programme.

The event was attended by the Vice Minister of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan, Aizada Kurmanova, and the head of the International Secretariat of the UN Volunteers Programme, Sandra Ingrid Koch.

The meeting discussed the goals and objectives set before the International Secretariat and the National Organizing Committee of Kazakhstan. Proposals aimed at opening new opportunities to enhance the contribution of volunteering to achieving the global Sustainable Development Goals were also reviewed.

Currently, more than 740 volunteer organizations and over 1,000 initiative groups are actively operating in the country.

On the eve of International Volunteer Day, celebrated on December 5, the winners of the international "Volunteer of the Year" award and the "Marathon of Good Deeds" project were honored in the capital.

Among the awardees were Zhubanov University students Temirlan Zholdybay and Symbat Igizgali.



ламасының Штаб-пәтері өкілдерімен Халықаралық еріктілер жылына дайындық мәселелеріне арналған кездесу өтті.

Іс-шараға ҚР Мәдениет және ақпарат вице-министрі Айзада Құрманова және БҰҰ Еріктілер бағдарламасының Халықаралық хатшылығының басшысы Сандра Ингрид Кох қатысты.

Кездесуде Халықаралық хатшылық пен Қазақстанның Ұлттық ұйымдастыру комитетінің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттер талқыланды. Сондай-ақ, волонтерліктің жаһандық тұрақты даму мақсаттарына қосқан үлесін арттыру үшін жаңа мүмкіндіктерді ашуға бағытталған ұсыныстар қаралды.

шы» арнайы номинациясы табысталса, Сымбат Игизғали «Жастар қолдаушысы» номинациясына ие болды.

2026 ГОД — МЕЖДУНАРОДНЫЙ ГОД ВОЛОНТЕРОВ

По инициативе Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева Генеральная Ассамблея ООН объявила 2026 год Международным годом волонтеров, направленным на мобилизацию волонтеров для достижения целей устойчивого развития.

В Астане состоялась встреча, посвященная подготовке к

волонтерских организаций и свыше 1000 инициативных групп.

В преддверии Международного дня волонтеров, который отмечается 5 декабря, в столице были награждены победители международной премии «Волонтер года» и проекта «Марафон добрых дел».

Среди награжденных — студенты Zhubanov University Темірлан Жолдыбай и Сымбат Игизғали.

Темірлану Жолдыбаю была вручена специальная номинация «Эко-защитник» за участие в экологической неделе добрых дел, а Сымбат Игизғали удостоилась номинации «Поддержка молодежи».



Temirlan Zholdybay received the special "Eco-Protector" nomination for participating in the ecological week of good deeds, while Symbat Igizgali was awarded the "Youth Supporter" nomination.

Басты жаңалықтарды
өзірлеген
Айерке Сұлтанбекова

✓ Partnership with Coursera

Courseraмен серіктестік нәтижелі

Қазақстан Үкіметі Coursera-мен серіктестікте жоғары білім беруді жаңғыртудың ауқымды бағдарламасын жүзеге асырып келеді, деп жазылған primeminister.kz сайтында.

Шикізаттық экономикадан қосылған құн өндірісіне көшу және COVID-19 пандемиясынан туындаған қиындықтар кезінде елімізде білім беру тәсілін қайта қарау маңызды болды.

Цифрлық дағдылары бар білікті жұмыс күшіне деген сұраныстың артуы жоғары білім беруді реформалау қажеттігін көрсетеді. Tableau есебіне сәйкес, 2025 жылға қарай жұмысшылардың 70%-ы өз қызметінде деректерді белсенді түрде пайдаланады, бұл Қазақстанның студенттерді тілдік кедергілер, дағдылардың сәйкессіздігі, шектеулі халықаралық тәжірибе, технологиялық интеграцияны қоса алғанда, заманауи сын-қатерлерге дайындаудағы күш-жігерінің өзектілігін растайды.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек атап өткендей, қосылған құн өндірісіне көшу үшін елімізге білікті жұмыс күші қажет.

Осыған байланысты, 2022 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Coursera бас директоры Джефф Маджонкальдамен ынтымақтастық мүмкіндіктерін талқылады. Нәтижесінде, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Coursera серіктесі болды, бұл киберқауіпсіздік және бағдарламалау сияқты сұранысқа ие салаларда студенттер даярлау үшін кәсіби сертификаттар мен курстарды енгізуге мүмкіндік берді.

Аталған ынтымақтастық аясында студенттерді киберқауіпсіздік, жобаларды басқару, UX дизайны және бағдарламалық жасақтама саласындағы мансапқа дайындау үшін кәсіби сертификаттар, курстар мен мамандықтар енгізілді.

Жоба бастапқыда 25 университетті қамтыса, бір жыл ішінде 93 жоғары оқу орнына дейін кеңейді. Coursera курстары студенттерге аралас оқыту мен өз бетінше қатыса алатын курстар ұсына отырып, оқу жоспарларына біріктіріле бастады.

2023 жылы Coursera-ның тәуелсіз 853 курсы 116 университет пәнін алмастырды, ал 3244 курс 1631 пәнге ішінара біріктірілді. Тек 2023 жылы 46 мыңнан астам оқушы түрлі мамандықтар бойынша 73 мың сертификат алды.

"Бұл күш-жігер еліміздің білім беру жүйесін жаңғыртып қана қоймайды. Біз студенттеріміздің жаһанданған цифрлы әлемде табысқа жетуге дайын екеніне көз жеткізіміз келеді. Бұл Қазақстандағы білім берудің болашағы және біз осы жолда көшбасшы болуға ұмтыламыз", — деп атап өтті Саясат Нұрбек.



ашылғаннан бастап университет бұл жобаға белсене қатысып келеді.

Осы уақыт ішінде университеттің 4500-ден астам студенті 1500-ге жуық курсты қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқып, жалпы 5100 сертификатқа қол жеткізді.

Ал 2024 жылы жазғы маусымда Coursera платформасындағы IV лек аясында университеттің 900 білім алушысы әртүрлі курстарды аяқтап, заманауи білім мен жаңа трендтерді меңгерді.

COURSERA —

Қазақстандық біліктілікті арттыру бағдарламасы профессор-оқытушылар құрамы арасында да қызығушылық тудырып отыр, бұл бағытта 300-ден астам оқытушы өз курстарын әзірлей бастады. Оқу процесіне жасанды интеллект технологияларын енгізу мазмұнды жергілікті жағдайларға бейімдеу үшін жаңа мүмкіндіктер жасайды.

Қорытындылай келе, жоғары білім беруді цифрлық трансформациялау жөніндегі қазақстандық бастама Үкіметтің, білім беру мекемелері мен бизнестің бірлескен күш-жігері арқылы болашақтың сын-тегеуріндеріне дайын жұмыс күшін қалыптастыру мүмкіндігін көрсетеді.

Coursera платформасында Zhubanov University

Zhubanov University 20 білім алушысы 2024 жылдың жазғы маусымында Coursera платформасында бірнеше курсты сәтті аяқтағаны

үшін Ректордың Алғыс хатымен марапатталды.

2023 жылдың қаңтарынан Қазақстанның жоғары оқу орындарының студенттері үшін Coursera әлемдік онлайн-білім беру платформасын пайдалану мүмкіндігі

Марапатталушы студенттер рәсім барысында Coursera платформасының әлемдік деңгейдегі үздік курстарға қол жетімді жағдай беріп отырғанын атап, шараны оңтайлы ұйымдастырушы университет басшылығына риза көңілдерін жеткізді.



25

Coursera компаниясының Бас директоры

Джефф Маджонкальда — Coursera компаниясының Бас директоры.

1968 жылы АҚШ-та, Сан-Франциско шығанағы аймағында дүниеге келген. 1991 жылы Стэнфорд университетін Экономика және ағылшын тілі бакалавры дәрежесі бойынша бітірген. Алғашында Con-

ның IPO-сын ұйымдастыруға көмектесті.

2011 жылы Silicon Valley банкінің Директорлар кеңесінің құрамына кірді. Әлі күнге дейін сол құрамда. 2017 маусымында Coursera компаниясының бас директоры болып сайланды.

Coursera online білім платформасы қазақ тілінде

Бұл — студенттерге жаңа білім мен дағдыларды игеруге мүмкіндік беретін ауқымды білім беру платформасы.

«Coursera» каталогында әлемнің 170 үздік университеті мен 75 жетекші компания ұсынған 10 мың курс бар.

Coursera компаниясының Бас атқарушы директоры Джефф Мад-

не сұраныстың дәлелі болып табылады және үкіметтер мен жоғары білім беру жүйелері бүкіл студенттер контингентін Coursera көмегімен кәсіби дағдыларға қалай үйрете алатынының тиімді моделі ретінде қызмет етеді» деді.

«Бұл жоба қазақстандық студенттерге заманауи білім алып, жаңа трендтерді меңгеруге жол ашып, нарықта жоғары білікті және сұранысқа ие маман атануына, сондай-ақ, қазақ тілінің өзектілігін арттыруға мүмкіндік береді деп ойлаймыз. 2023 жылы түлектердің 75%-ы ҰБТ-ны қазақ тілінде тапсырғандықтан, әлемдік үздік курстардың мазмұнын қазақ тіліне аудару сұранысқа ие әрі бұл қазақ тілін қолданатын талапкерлер саны айтарлықтай екенін көрсетеді. Бұл көрсеткіш жыл санап арта түседі», — деді «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының төрағасы Болат Жәмішев.

«Бүгінгідей жаһандану мен цифрландыру жағдайында халықаралық еңбек нарығындағы бәсекенің артуы ұлттық білім беру жүйесінің ашық әрі бәсекеге қабілетті, үздіксіз оқу мен кәсіби дағдыларды дамытуға жол ашатын — икемді үлгісіне қажеттілік тудырды. Біз «Coursera қазақ тілінде» жобасы аясында

мыңнан аса курсты аяқтады. Соның ішінде курстарды 11 358-і — қазақ тілінде, 8 653-і ағылшын, 6 096-ы орыс тілінде өткен. Қазақстандық студенттері арасында «Кәсіпкерлік: кәсіптің негізін қалау» «Командаларға жетекшілік ету: көшбасшы ретінде даму», «21-ғасыр жұмыс орнындағы қарым-қатынас», «Кәсіби және жеке өнімділікке арналған уақытты басқару», «Инженерлерге арналған дифференциалдық теңдеулер», «Проблеманы тиімді шешу және шешім қабылдау» деп аталатын курстар жоғары сұранысқа ие болды.

Coursera-ның Қазақстандағы жергілікті ресми серіктесі — BMG Upskill компаниясы. Компания COURSERA-QAZAQSTAN платформасын дайындап, өңірлердегі университеттерде Coursera орталықтарын (компьютерлер мен құрылғылар) құрды.

8 курс аяқтаған студент

Zhubanov University Педагогика және білім берудегі менеджмент факультетінің 6B03101 "Психология" білім бағдарламасының 3-курс



студенті Жолмурзаева Альмира Coursera білім платформасының 8 курсын аяқтап, қысқа уақыттың ішінде 8 сертификатқа ие болды. Альмира жаңашылдыққа жаны құмар студент. Оқу үздігі. Ол жақында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті қоры стипендиясының иегері атанды.

Бұл марапат студенттің білім алу мен жеке даму жолындағы қажырлы еңбегінің нәтижесі.

Материалдарды дайындаған журналистер
Жадыра Әрен,
Гүлнара Қараша

ЕРТЕҢГІ ҚИЫНДЫҚҚА БҮГІНГІ ДАЙЫНДЫҚ



жонкальда 2023 жылдың маусымында «Coursera қазақ тілінде» жобасына қатысушы 25 аймақтық университет ректорлары, проректорлары және студенттерімен кездесті.

Astana IT University ғимаратында болған кездесуге ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының төрағасы Болат Жәмішев, BMG Upskill компаниясының басшысы Рауан Кенжеханұлы қатысты.

Coursera компаниясының басшысы Джефф Маджонкальда болашақтағы білім беру мен еңбек нарығындағы мүмкіндіктер, өзгерістер, жаңашылдықтар туралы ойын бөлісті.

«Біз жоғары оқу орындары студенттерінің цифрлық экономикада өркендеуі үшін маңызды дағдыларын дамытуда ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен күш біріктіргенімізге қуаныштымыз. Бұл ынтымақтастықтың ерте жетістігі еңбек нарығында сұранысқа ие құзыреттерді дамытатын білім беру бағдарламалары мен қызметтері-

әлемнің ең үздік профессорларының курстарын қазақ тіліне аударуды бастадық. Бұл — еліміздің болашағы, тіліміздің әлеуеті, білім сапасын көтеру тұрғысынан өте маңызды бастама», — деді министр Саясат Нұрбек.

«Қазақстан халқына» Қоғамдық қоры мен Ғылым және жоғары білім Министрлігінің қолдауымен «Coursera қазақ тілінде» жобасы аясында қазақ тіліне 654 курс аударылып, еліміздегі 25 өңірлік жоғары оқу орнының 19 300 студентке осы курстардан өту мүмкіндігі беріледі. Қазіргі таңда бұл университеттерде жалпы саны 155 мың студент білім алады.

Курстарды қазақ тіліне аудару жұмысы Coursera-ның техникалық және әдістемелік қолдауына сүйене отырып жүзеге асырылып жатыр. Қазір 50 курс қазақ және орыс тілдеріне толықтай аударылып, платформаға жүктелді. Аударма жұмысы жалғаса береді. Келесі 50 курстың аудармасы аяқталып, платформаға жүктеліп жатыр.

Қазіргі таңда аймақтық 25 оқу орнының студенттері жалпы 26

nerstone Research компаниясында аналитик болып жұмыс істеген.

1995 жылы McKinsey & Company консалтингтік компаниясында аналитик, 1996 жылы Стэнфорд жоғары бизнес мектебінде MBA дәрежесін алады. Қыркүйек айында экономист Уильям Шарппен бірге ол зейнеткерлікке ақша жинағысы келетін азаматтарға инвестициялық кеңес беретін Financial Engines компаниясын құрды.

18 жыл бойы осы Financial Engines компаниясының бас директоры міндетін атқарды, компания-

☑ World Champion



— Азиза, унифайт спорты жайлы көпшілік білмейді екен. Мен де өзіңізбен сұқбатқа дайындық барысында таныстым. Универсал спортшы болуға не себепкер болды?

— Мені унифайт спортының бірегейлігі мен әртүрлілігі қызықтырды. Әрбір жекпе-жек барысында әртүрлі спорт түрлерін үйлестіріп, өзіңнің шынайы шеберлігіңді көрсете аласың. Бұл спорт тек физикалық емес, сондай-ақ психологиялық тұрғыдан да дамуға ықпал етеді. Өзімді жан-жақты дамытуға деген құштарлық осы жолды таңдауыма себеп болды.

— Унифайтқа қанша спорт түрі жинақталған? Спорттың көп қырынан өнерлі болу — нағыз мықтылық қой.

— Унифайт — бұл бірнеше спорт түрінің үйлесімінен құрылған сайыс. Спортшылар алдымен кедергілер жолағынан өтеді, онда жылдамдық, төзімділік және шоғырлану қабілеті сыналады. Мұнда пышақ лақтыру, тапаншадан ату секілді тапсырмалар бар. Кедергілерді аяқтаған соң, рингке шығып жекпе-жек басталады. Унифайт спортшының жан-жақты шеберлігін толық көрсететін ерекше спорт түрі.

Унифайтта негізінен жекпе-жек өнерінің әртүрлі қырлары біріктірілген. Бұл спортта бокс, күрес және самбо сияқты спорт түрлерінің көптеген элементтері үйлесім табады.

— Жеңіс жолында спортшы ретінде ұстанатын ең басты шарт қандай?

— Ең бастысы — тәртіп пен тұрақтылық. Әр күнгі жаттығуды жібермей, өзіңе сеніммен қарау ке-

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ — студент

рек. Сондай-ақ, дұрыс демалып, денсаулықты сақтау да маңызды. Жеңіске жол — тек күш пен техника емес, сонымен бірге ақыл, ерік-жігер және табандылық.

— Әлем чемпионы болып оралған Анталья чемпионаты туралы баяндап берсеңіз.

— Антальядағы чемпионат мен үшін үлкен сынақ әрі ерекше тәжірибе болды. Жаңа қарсыластармен кездесіп, олардың шеберлігін бақылау арқылы өз деңгейімді тағы да жоғарылаттым. Әрбір жекпе-жекте өзіме деген сенімділік пен күш-қайратымды толық көрсете алдым.

— Қазір жастар арасында спортпен шұғылдану трендке айналып келеді. Сәйкесінше жеңістерге бәсеке жоғары..

Алда тағы жоспарлар бар болар?

— Иә, жастардың спортқа қызығушылығы артып келе жатқаны қуантарлық. Бұл унифайт сияқты спорт түрлерінің де дамуына ықпал етеді. Алдағы жоспарым — өз деңгейімді одан әрі жетілдіріп, жаңа белестерді бағындыру. Болашақта

Zhubanov University студенті унифайт спортынан — Әлем чемпионы атанды. Азиза Салимгореева "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша 3-курста білім алууда. Студент Түркияның Анталья қаласында өткен жастар мен жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатында унифайт спорт түрінен 52 кг салмақ дәрежесінде, барлық қарсыластарымен жарыста айқын басымдық көрсетіп, жеңіске жетті.

Студент-спортшы бұрын таэквондодан бірнеше жүлде алған. Негізгі спорт Азизаның бала кезінен серігі. Ол шаңғы, велосипед тебумен, жүгірумен де дене шынықтырғанды ұнатады.

Азиза Салимгореева өз салмағында осыған дейін Қазақстан Республикасы чемпионатында жеңімпаз болған еді.

Унифайт елімізде енді дамып жатқан спорт түрі. Мықтылардың спорты. Өйткені унифайтта спортшы жан-жақты өнерін сарапқа салады. Шұғылдана бастағанына аз кезең ішінде жоғары нәтижеге жете алған әлем чемпионымен кездескенде бірден байқағанымыз — Азизаның от жанары. Салмақты сөз саптауы. Ізетілік-әдептілік болмысы.

Сұқбат жүргізуші журналист
Гүлнара Қараша

— Студенттік шақ туралы да айтып отырайық. 3 курста оқып жатыр екенсіз. Білім алу бағыты жағынан да алдыңызға белгілі бір мақсат қойған шығарсыз?

Жалғастыру өлде педагогтік қызметпен айналысу, т.б. дегендей.

— Иә, студенттік шақ — өмірімнің ең қызықты әрі маңызды кезеңдерінің бірі. Қазіргі таңда "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша білім алып жатырмын. Болашақта спортта ғана емес, педагогикалық қызметте де өзімді сынағым келеді.

тағы да халықаралық турнирлерге қатысып, еліміздің намысын қорғауды жалғастыра беруді көздеймін.




25

✓ Results of the year

Жұбанов университетінде 2024 жылдың қорытынды есебіне арналған Ғылыми кеңестің кеңейтілген мәжілісі өтті. Жиынға университет ұжымымен қатар, Ақсақалдар кеңесінің мүшелері, өңірге белгілі қоғам қайраткерлері, өндіріс орындарының бірінші басшылары және білім алушылар қатысты.

Есептік кездесуде Басқарма Төрағасы-Ректор Лаура Қарабасова оқу орнының білім беру және ғылыми зерттеу жұмысы, инфрақұрылымы мен әлеуметтік мәселелері туралы баяндады. 2023-2024 оқу жылындағы негізгі нәтижелерді талдап, батыс өңіріндегі ең ірі университеттің келер жылдағы даму жоспарымен таныстырды.



ZHUBANOV UNIVERSITY ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

ЖЕТІСТІКТЕР МЕН НӘТИЖЕЛЕР



Биылғы жылы Zhubanov University еліміздегі ең алғашқы болып, өңірлік оқу орындары арасында оқуға қабылдаудың шектік балын 50 баллдан 55 баллға көтерді. Ректордың айтуынша бұл сапалы контингенттің артуына үлкен ықпалын тигізген. 2024 жылы Ақтөбе облысы мектептерін аяқтаған түлектердің 40 пайызының Жұбанов университетін таңдауы — өңірлік жоғары оқу орны үшін үлкен көрсеткіш.

Сонымен қатар білім алушылар контингентінің географиясы да күрт кеңейіп отыр. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Хериот-Уотт кампусы ашылғаннан кейін қазіргі таңда Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Қызылорда облысымен қатар Алматы, Астана, Өскемен қалаларының, Жетісу, Шығыс Қазақстан, Жамбыл облыстары секілді басқа да өңірлердің

жастары осы университетке таңдау жасаған. Сонымен қатар биыл алғаш рет шетелдік студенттер қатары Ауғанстан, Пәкістан, Армения, Гана, Индия, Кения, Тәжікстан елдерінің жастарымен толықты.

Студенттер үшін құндылықтардың бірі — академиялық ұтқырлық бағдарламасының ұсынылуы болып табылады. Zhubanov University өз есебінен жыл сайын ішкі және сыртқы ұтқырлық бағдарламалары бойынша жетекші жоғары оқу орындарына студенттерді бір семестрге білімін жетілдіру үшін оқуға жібереді. 2024 жылы Түркия, Польша, Литва, Латвия, Қытай сияқты елдермен қатар, биыл бірінші рет университет студенттері АҚШ, Әзербайжан, Малайзия елдерінің жоғары оқу орындарына жіберілді.

Соңғы жылдары Zhubanov University түлектерінің жұмысқа орна-



ласу көрсеткіші де артқанын көрсетіп отыр. «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы жүргізген тәуелсіз рейтинг нәтижесі бойынша еліміздегі жоғары оқу орындары арасында университет түлектерінің еңбекке орналасуының орта көрсеткіші 86 пайызды құрайды. Осылайша Zhubanov University жұмысқа орналасу көрсеткішімен республика бойынша үздік он жоғары оқу орны қатарынан табылды.

Есептік жиында университет басшысы университеттің ғылым мен өндірісті байланыстыруға арналған коммерцияландыру бағытында қол жеткізген маңызды нәтижелермен бөлісті. Биылғы жылдың ерекшелігі университет тарихында алғаш рет екі ғылыми жоба коммерцияландырылды. Сондай-ақ, 2024 жылы бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру аясында

жалпы 33 жоба іске асырылды. Жастар ғылымын қолдау мақсатында университет 9 млн. теңгеге гранттық қаржыландыру бойынша ішкі конкурс өткізді, оның нәтижесінде «Жас ғалым» бағдарламасы бойынша 11 грант тағайындалды.

2024 жыл — университет ұжымы мен студенттер үшін табысты жыл болды. Жоғарыда атқарылған шаралардан бөлек:

- 50-ден астам жас мамандар докторантура бойынша мемлекеттік грантқа түсті;

- «Болашақ» бағдарламасы бойынша 18 профессор-оқытушы халықаралық жетекші университеттерде білімдерін жетілдірді;

- студенттердің қолайлы ортада білім алуы үшін заманауи жабдықталған кабинеттер ашылды;

- жатақханаларда жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жабдықтары жаңартылды;

- Хирш индексі жоғары шетелдік ғалымдар студенттер мен оқытушыларға дөріс оқыды;

- кітапхана трансформациясы жүзеге асты;

- университет Академиялық адалдық лигасының төрағасы ретінде таңдалды.

Жиын соңында ЖОО басшысы университет ұжымын жаңа 2025 жылмен құттықтап, бірқатарына «Құдайберген Жұбанов» медалі және ғылыми атақтар бойынша дипломдар табыстады.

Жадыра Өрен
Zhubanov University
Баспасөз қызметі

Өңірлік университеттің барлық бастамаларына қолдау көрсетілді

2022 жылы академиялық трансформациясын бастай отырып, академиялық сапаны ту еткен 18 ЖОО басын қосқан Академиялық адалдық лигасы қатарына кіруге қол жеткіздік. 2 жыл атқарған жұмысымыз нәтижесінде Лига мүшелерінің дауыс беруімен биыл Лиганың жалпы жиналысының төрағасы болып сайланған алғашқы өңірлік әрі мемлекеттік университетпіз.

Академиялық сапаны көтеру профессор-оқытушы құрамының кәсіби дамуынсыз мүмкін емес. Үш жылдан бері кезек-кезеңімен оқытушыларды қағазбастылықтан құтқарып, қолын босатуға ұмтылудамыз. Ғылымға көбірекден қоюды таңдаған оқытушыларға жүктеменің жаңа форматын ұсындық. Яғни, ғылыммен айналысып, сапалы мақала жазамын деген оқытушылардың жалақысын сақтай отырып, жүктемесін қысқарттық.

Ағылшын тілінің ғылым мен ақпарат тіліне айналғаны жаңалық емес. Заман көшінен қалмас үшін үш жыл бойы оқытушылар мен қызметкерлерімізге сапалы ағылшын тілі курсын ұйымдастырып келеміз. 350-ден астам қызметкер ағылшын тілін үздіксіз меңгеріп келеді. Нәтижесі, 50-ден астам жас маманның Астана, Алматы қаласындағы ұлттық университеттерге докторантураға тегін түсуі, сондай-ақ 18 қызметкеріміздің «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде тағылымдамадан өтуі болды.

Ішкі кадрлық потенциалды дамыту басты мақсатымыз. Соңғы 3 жылда жас мамандарды жан-жақты қолдауымыздың

нәтижесінде диссертациясын сәтті қорғаған жас докторлар саны 29-дан 74 адамға жетті.

Ұжымдық тиімділік дамуы үшін ұжымдық құрамның әр алуан болуы, яғни, еліміздің және әлемнің әр түкпірінен әр түрлі оқу орындарын аяқтаған кәсіби мамандардың бір жерде жұмыс істеуі маңызды. Олар жаңа идеялар мен жаңа әдеттер алып келеді. «Talent management» жобасы аясында шетелдің үздік оқу орындары мен НУ аяқтаған 50-ден астам маманды өңірге тарттық. Сондай-ақ жыл бойы Эдинбург, Малайзия, Дубайдан 15-тен астам профессор мен академиялық менеджерлер келіп отырса, 7 шетелдік профессор тұрақты қызмет етуде.

Хирш индексі 50-100 — ден асатын Қытайдың Ғылыми-техникалық университетінің бір топ ғалымдары, Гонконг политехникалық университетінің ғалымдары жыл бойы біздің мамандармен материалтану саласында ғылыми жобада қызмет етуде.

2024 жыл нағыз ғылым жылы болды. Ғылымның басты кедергісі қаржы дейтін болсақ, Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен ғылыми салаға



мол қаржы келді. Осы бәсеке үдесінен біздің ұжым кеш қалмай, гранттық қаржыландыру жобаларын ұтты. Нәтижесінде, соңғы 4 жылда ғылым бюджеті 10 есе өсіп, 1 млрд. 800 млн теңгеге жетті. Бұл ғалымдар жалақысы, ғылыми құрал-жабдық және коллаборация жасау мүмкіндігі.

Жылдың ең басты жаңалығы — министрлік қолдауымен құны 3 млрд. теңге магрант ұтып алуымыз. Жоба Ақтөбе өңіріндегі қоршаған ортаның өнеркәсіп қалдықтарымен ластану мәселесін шешуге бағытталған. Бұл қаржы

Академиялық артықшылық орталығын құруға негіз болатын өңірлік университет үшін үлкен қолдау.

Өңірлік университеттің барлық бастамаларына қолдау көрсеткен ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекұлына, министрлік ұжымына, сондай-ақ өңірдегі жайлы қызметімізге жағдай туғызып отырған Ақтөбе облысы әкімдігіне, серіктестерге де алғыс білдіремін.

Лаура Қарабасова
Zhubanov University
ректоры

https://t.me/laura_researcher/69

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University
облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы-Ректор
Лаура Қарабасова

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Нұрша Биданова

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана